**«Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**
**2023 – 2024 оқу жылының мамандық бойынша алынған сауалнаманың нәтижесі.**

| Сыныбы | Оқушылар саны | Жаратылыстану бағыты | Гуманитарлық бағыты |
|---|---|---|---|
| 9 | 13 | 11 | 2 |
| Барлығы | 13 | 11 | 2 |

Оқушы сұранысына сәйкес өтініштер жазылды.Сонымен қатар ата-аналармен бағдарлы оқытуға түсініктер беріп, мамандық таңдаудағы сауалнамалар алынды.Осы мақсатта 9сынып оқушыларының ой өрісімен кәсіби бағыттау деңгейін анықтауға диагностика жасалды: нәтижесі бойынша жаратылыстану - математика бағытын оқушыларымыздың 80% таңдағаны анықталған болатын.Зерттеу қорытындысына сәйкес оқушыларды бейіндеп оқыту үшін 10-11сыныптарына вариативті бөлімінің мектеп комонентінен белгіленген сағаттар қолданбалы курстың оқытылуына берілді.

5-9сыныптарға жаратылыстану бағытындағы пәндерден сабақ беретін пән мұғалімдерінің тақырыптық күнтізбе жоспарлары білім стандартына сай жасалған. Сонымен қатар бағдарлы оқытуды ұйымдастыру жұмыстары:оқушы,ата-ана,психолог,сынып жетекшісімен курс жетекшісінің бірлескен жұмыстары арқылы да іске асырылып отырады.

1-11сынып аралығында бағдаралды және бағдарлы оқыту төмендегідей педагогикалық —психологиялық саты ретінде түзіледі.Бағдарлы және бағдаралды сыныптарда білім сапасын арттыру құрылымы бастауыш сатьт 1-4 сыныптарда баланың оқуға деген ерекше қабілетімен құлшынысын дамыту арқылы іске асырылады.1-сынып-оқушылардың психологиялық іс–әрекетін қалыптастыру арқылы қай пәнге бейім екенін анықтау, 2-сынып – пәнге байланысты саралау, 3-сынып – пәнге деген қызығушылық белсенділігін арттыру, 4-сынып–логикалық әрекетін жетілдіру арқылы оқушының алға қойған мақсатын анықтау.

Негізгі саты 5-9 сыныптарда жеке тұлғаның жан – жақты білім алуын қалыптастырып,өзін–өзі айқындау қабілетін жетілдіру арқылы іске асырылады. 5–сынып оқушылардың пәнге деген қызығушылығы бойынша саралау және даралап оқыту. 6–сынып бағдаралды оқытуға бейімделу мақсатында әдістемелік көмек беру. 7–9 сыныптарда нақты бағыт алуға жетелеу,сенімділік қабілетін қалыптастыру. 10-11 сыныптарда болашақ мамандығына сай таңдап отырған пәнін тереңдетіп оқыту,қоғамдықөмірге төселген,жоғары мәдениетті,саналы таңдаумен бағдарлы білімді игерген жеке тұлғаны қалыптастыру. 10-сынып мамандыққа сай шығармашылық ізденіс қабілетін дамыту жұмыстарын жүйелеу. 11-сынып алған бейімдерін өз деңгейінде көрсету.